

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі
Фармация комитеті Төрағасының
2019 жылғы “13” наурыз
№ N020278 бұйрығымен
БЕКІТІЛГЕН

**Медициналық мақсаттағы бұйымды
медицинада қолдану жөніндегі нұсқаулық**

Медициналық мақсаттағы бұйымның атауы

ХИЛО-ДУАЛ®, көзге тамызатын дәрі құтыда 10 мл-ден

Бұйымның құрамы мен сипаттамасы

ХИЛО-ДУАЛ® көзге тамызатын дәрінің 1 мл құрамында:

натрий гиалуронаты – 0.5 мг, эктоин — 20 мг, боратты буферлік ерітінді, су бар.

ХИЛО-ДУАЛ® – бұл стерильді, құрамында консерванттар мен фосфаттар жоқ, офтальмологиялық қолдануға арналған ерітінді.

ХИЛО-ДУАЛ® құрамында гиалурон қышқылының натрий тұзы бар (натрий гиалуронаты), ол физиологиялық жағынан адамның көз тіндерінде және басқа да ағзада кездеседі. Натрий гиалуронатының бірегей қасиеттері бар, ол көз беткейінде шаюға тұрақты бір текті, лубрицирлейтін үлбірді түзе алатын қаблеті бар.

Эктоин – бұл экстремалды жағдайларда (мысалы, тұзды көлдерде) өмір сүретін микроорганизмдерден өндірілген табиғи зат. Осындай экстремалды жағдайлардан қорғану үшін бұл микроорганизмдер эктоин табиғи затын өндіреді, оның ерекше қасиеттерін ХИЛО-ДУАЛ®-да пайдаланылады. Эктоин көздің беткейінде судың жасушалармен байланысын күшейтеді, мөлдір қабықта аллергияны әсері бар заттардан қорғайтын, физиологиялық бөгеттің түзілуіне ықпал етеді.

Осымен бір мезгілде эктоин жас үлбірінің липидті қабатын тұрақтандырады, сонысымен көзді көз жасының шамадан тыс құрғауынан қорғайды.

Натрий гиалуронаты мен эктоиннің өзара әрекеттесуі көз беткейінің қарқынды, ұзақ уақыт ылғалдануын қамтамасыз етеді және оларды көздің көз жасының шамадан тыс құрғауынан қорғайды.

ХИЛО-ДУАЛ® типтік симптомдарда көмектеседі – қоршаған ортада кездесетін тітіркендіргішке, сондай-ақ аллергиялық реакциялардағы қабынбалы реакциялар кезінде байқалатын қышыну мен ашыту сезімі.

ХИЛО-ДУАЛ® тамшылары арнайы ауа өткізбейтін «КОМОД» жүйесінің контейнеріне салынған, ол құты ішіндегісінің стерильділігін қамтамасыз етеді және өлшемі бірдей тамшылардың шығуын қамтамасыз етеді.

Қолданылу саласы

- мөлдір қабық пен конъюнктиваларды ылғалдауға, көзді көз жасының шамадан тыс құрғауынан қорғауға, көз жасы үлбірін тұрақтандыруға, қышыну мен ашыту сезімі сияқты тітіркену мен аллергия кезінде көздің қабыну симптомдарын кетіруге арналған.

Қолдану тәсілі

ХИЛО-ДУАЛ®-ды дәрігердің ұсынымына сәйкес қолдану керек.


Әдетте ересектер мен 6 жастан бастап және одан үлкен балаларға әр көздің конъюнктивальді қалтасына күніне 3 рет ХИЛО-ДУАЛ® 1 тамшыдан тамызады. Бұдан да жиі қолданған кезде (мысалы, күніне 10 реттен аса) немесе едәуір күрделі шағымдар болса офтальмолог-дәрігермен тұрақты түрде кеңесіп отыру қажет. ХИЛО-ДУАЛ® ұзақ уақыт қолдануға жарамды. Дегенмен, барлық тұрақты симптомдарда, мысалы, егер 2 апта бойы шағымдар басылмаса, барлық шағымдарыңызбен офтальмолог-дәрігерге қаралу керек.

«КОМОД» контейнері 10 мл ерітіндіні шығаруға арналған, ол шамамен 300 тамшыға сәйкес келеді. Техникалық себептерге байланысты пайдалану соңында құтының ішінде тамшының аздаған мөлшері қалады.


ХИЛО-ДУАЛ® тамшылары бар құты жеке пайдалануға арналған.

ХИЛО-ДУАЛ® көзге тамызатын дәріні қолдану жөніндегі ұсынымдар


ХИЛО-ДУАЛ® тамшыларын бірінші пайдаланар алдында, картон қорапты алғаш ашқанда, заттаңбасы зақымдалмағанын тексергеннен кейін ғана пайдалануға болады.




Қолданар алдында құтыдан қалпақшасын шешіңіз. Бұл үшін қалпақшаны бір қолмен ұстаңыз, ал екіншісімен айналмалы қозғалыстың көмегімен құтыны тартыңыз. ХИЛО-ДУАЛ® құтысын алғаш қолданар алдында ұштығын төмен қаратып төңкеріңіз, және ұштық саңылауынан бірінші тамшы пайда болғанша контейнердің түбін басыңыз. Енді контейнер келесі пайдалануға дайын.




Бас бармақпен құтының шығыңқы жерінен және қалған саусақтармен - контейнердің түбінен ұстай отырып, контейнерді түбін жоғары қаратып ұстап тұрыңыз.



Құтыны ұстап тұрған қолыңызды суретте көрсеткендей басқа қолыңызбен деменіз.



Басыңызды ақырындап артқа қарай шалқайтыңыз, астыңғы қабағыңызды абайлап тартыңыз және күшті және жылдам қозғалыспен контейнердің түбін басыңыз. Бұл **бір** тамшыны шығару үшін механизмді белсендіреді. «КОМОД» жүйесінің арнайы клапанының арқасында контейнердің түбіне қандай күш жұмсалғанына қарамастан, тамшының өлшемі мен босап шығу жылдамдығы бірдей болады. Сұйықтық көз беткейінде бір қалыпты тарауы үшін, көзіңізді ақырындап жұмыңыз.



Пайдаланғаннан кейін тез арада құтыны қалпақшасымен жабыңыз. Тамызғыш ұштығының құрғақтығына көз жеткізіңіз. Тамызу кезінде құты ұштығының көзбен немесе терімен қандай да бір жанасуына жол бермеңіз.

Жағымсыз әсерлері

ХИЛО-ДУАЛ® тамшыларының құрамында консерванттар болмағандықтан, оларды ұзақ қолданса да көтерімділігі жақсы болады. Өте сирек жағдайларда аса жоғары сезімталдық реакциялары жайлы хабарланды, олар ХИЛО-ДУАЛ® тамшыларын қолдануды тоқтатқаннан кейін бірден жоғалып кететін ашытып-күйдіру немесе көп жас ағу.

Қолдануға болмайтын жағдайлар

- көзге тамызатын дәрінің кез келген компоненттеріне аса жоғары сезімталдық
- 6 жасқа дейінгі балаларға.

Айрықша нұсқаулар

Басқа офтальмологиялық дәрілік препараттарды бір мезгілде қолдану жағдайында кем дегенде 30 минуттық аралықты ұстану керек, әрі ХИЛО-ДУАЛ®-ды **әрдайым** ең соңында тамызу керек. Алайда, көзге арналған жақпамайларды ылғида ХИЛО-ДУАЛ® тамшыларын тамызғаннан **кейін** ғана жағу керек.

ХИЛО-ДУАЛ®-ды жанаспалы линзаларды тағып жүргенде қолдануға болады. Жанаспалы линзаларды күтетін өнімдер мен ХИЛО-ДУАЛ® тамшыларының арасында өзара әрекеттесулермен негізделген

сыйымсыздық реакциясының дамуын болдырмас үшін, жанаспалы линзаларды таққаннан кейін 30 минут бойы ХИЛО-ДУАЛ®-ды тамызуға болмайды.

ХИЛО-ДУАЛ®-ды жүктілік кезінде және емшек емізу кезінде қолдану жөнінде деректер жоқ. Егер Сіз жүкті болсаңыз, жүкті болуыңыз мүмкін болса немесе бала емізіп жүрсеңіз ХИЛО-ДУАЛ®-ды қолдануды бастамас бұрын өзіңіздің дәрігеріңізбен немесе фармацевтпен кеңесіңіз.

Сақтау шарттары

25 °C-ден аспайтын температурада сақтау керек.

Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!

Жарамдылық мерзімі

3 жыл.

Қаптамасында көрсетілген жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды (🕒).

Алғаш пайдаланғаннан кейінгі жарамдылық мерзімі – 25 °C-ден аспайтын температурада сақтағанда 6 ай.



Медициналық мақсаттағы бұйымдарды өндіруші ұйымның атауы, заңды мекенжайы, өндірістің орналасқан мекенжайы



URSAFARM Арцнаймиттель ГмбХ

Индустриештрассе 35, 66129 Саарбрюкен, Германия

Қазақстан Республикасы аумағында тұтынушылардан медициналық мақсаттағы бұйымдардың сапасына қатысты шағымдарды (ұсыныстарды) қабылдайтын және медициналық мақсаттағы бұйымдардың тіркеуден кейінгі қауіпсіздігін қадағалауға жауапты ұйымның атауы, мекенжайы және байланыс деректері:

«Nova East Pharm Kazakhstan (Нова Ист Фарм Казахстан)» ЖШС

Қазақстан Республикасы, 050000, Алматы қ., Панфилов к-сі, 98 үй, 507 кеңсе

Телефон: +7 (727) 221 90 91

E-mail: office@eastpharm.eu